

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМДІ ӨНДІРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Әкімбергенова Әйгерім Нұрланқызы

Aigerim-95-1995@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Есеп және аудит» мамандығының

3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Б. Алибекова

Нарықтық экономика жағдайында экологиялық таза өнім өндіру мен тұтыну үлкен әлеуметтік-экономикалық мағынаға ие, ол – бір жағынан өндірістік-инновациялық кәсіпкерліктің арнайы түрін дамыту; екінші жағынан – ұлт денсаулығы мен өмір сапасы деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге қол жеткізу. Елбасымыз «Қазақстан - 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз экологиялық өндіріске баса назар аудара отырып, бәсекеге қабілетті ұлттық брендтер құрып, таза экологиялық өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болуымыз керек» екендігін атап көрсеткен болатын.[1]


Шын мәнінде, әлемдік тәжірибиеде соңғы жылдары «экологиялық таза өндіріс» және «экологиялық таза өнім» ұғымы арта түсуде. Соның ішінде Батыста және АҚШ-та тек табиғи таза өнімге деген сұраныс ерекше болып отыр. Мәселен, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Е.Ө.Бектұрғановтың сараптамасына сәйкес соңғы он жылда нарықтағы экологиялық тауарлар үлесі 10 есеге өскен.[2] Әсіресе, АҚШ, Франция, Канада, Жапония, Германия экологиялық таза өндірісі дамыған әлемдік көшбасшылары болып табылады.

Сондай-ақ, зерттеу барысында экологиялық таза тамақ өнімі дүние жүзінде әртүрлі терминдермен аталатындығына куә болдық. Мәселен, Батыс Еуропа елдерінде «биологиялық өнім», Солтүстік Еуропада «экологиялық өнім», АҚШ пен Ұлыбританияда «органикалық өнім», ал Финляндияда «табиғи өнім» деп аталады.

Жоғарыда байқағандарыңыздай «экологиялық таза өнім» әр елде әрқалай аталады. Сол үшін біз өз еліміздің тұтынушыларының «экологиялық таза өнім» жайлы қаншалықты ақпарат білетіндерін анықтау мақсатындай төмендегідей сауалнама жүргіздік. Негізгі қойылған сұрақтар реті төмендегідей:


1. ЭКО-өнімдер дегеніміз не екенін білесіз бе?
2. «Қауіпсіз өнім» мен «экологиялық таза өнім» арасында айырмашылық бар деп ойлайсыз ба?
3. Өнімді таңдау кезінде сіз үшін маңыздысы не?
4. Егер экологиялық таза өнім оған ұқсас тексерілмеген өнімнен қымбатырақ болса, оны сатып алар ма едіңіз?

Сауалнамаға Астана қаласының 20-50 жас аралығындағы 145 тұрғыны қатысты. ЭКО-өнімдер дегеніміз не деген сұраққа олардың 83%-ы оң жауап берді. Тек 17%-ы білмейді. Оң жауап бергендердің 90% «қауіпсіз өнім» мен «экологиялық таза өнім» арасында айырмашылықты ажырата алады. (сурет 1) Олардың кейбіреулері келесідей жауап берді: «ЭКО-өнімдер – табиғи, экологиялық таза және қауіпсіз өнімдер», «зиянсыз, улы емес экологиялық таза өнімдерді қауіпсіз өнімдер қатарына жатқызуға болады», «ЭКО-өнімдер – химикатсыз және қоспаларсыз өндірілген өнім», «адамдар үшін қауіпсіз генетикалық модификацияланған өнімдерден жасалған азық-түлік» және т.б. Талдау нәтижесінде осы анықтамалардың қоғам арасында айқын түсінігі жоқ екендігін көруімізге болады.



Сурет 1 - Сауалнама нәтижесі

Сонымен қатар тұтынушылар үшін өнім таңдаудағы факторлардың мәнін анықтау маңызды мәселе болып табылатынына көзіміз жетті. (сурет 2)



Сурет 2 - Өнімді таңдауға әсер ететін факторлардың көрсеткіші

Сурет 2-ден көріп отырғанымыздай тұтыну нарығының дамуының қазіргі жағдайында өнімді сатып алушы бірінше кезекте өнім құрамы (39%) мен бағасына (28%) баса назар аударады екен. Олар үшін өнімнің әртүрлі белгілері бойынша сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын жапсырма (19%), сондай-ақ өнімді пайдалану және тұтыну ыңғайлылығы (14%) маңызды болып табылады.

БАҚ-дағы және көшедегі өнім туралы жарнамалар тұтынушы таңдауына әсер етпейді. Тұтынушы үшін қазіргі таңда ең алдымен өнім құрамы туралы ақпаратты білу маңызды. Себебі, берілген ақпарат арқасында таңдау жасауға мүмкіндік туады. Бұдан біз тұтынушылардың экологиялық таза өнімге деген қызығушылықтың және сұраныстың бар екендігін анықтадық. Ал, бұл өндіріс иелерінің осы салада қызмет етуіне ықпал етері сөзсіз.

Жүргізілген сауалнама нәтижесінде кейбір тұтынушылар экологиялық таза өнім мен қауіпсіз өнім арасындағы айырмашылықты білмейтіндіктерін аңғардық. Сол себептен экологиялық таза және қауіпсіз өнімдердің мәнін түсіндіріп көрелік.

Қауіпсіз өнім – құрамында адам ағзасына рұқсат етілетін мөлшерде ғана улы заттар болуы мүмкін өнім. Ол медициналық-биологиялық нормативтер мен стандарттарға сәйкес, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін белгіленген экологиялық талаптар мен параметрлерді сақтауға міндетті.

Ал, ендігі кезекте экологиялық таза өнім ұғымына толығырақ тоқталып өтейік.

Экологиялық таза өнім ұғымы 1924 жылы Р. Штайнердің теориялық негіздеуімен қалыптасты, ол кезде тәжірибе жүзінде биодинамикалық аграрлық қызметтер жүзеге асырыла бастады.[3] 1930–1940 жылдар аралығында бұл идея Швейцарияда Г. Мюллердің, Ұлыбританияда Э. Бэлфер мен А.Ховордың, Жапонияда Фукуокойдың бастамасымен дами бастады.

Зерттеу барысында экологиялық таза өнім ұғымына әдебиеттерде бірнеше көзқарас бар екендігі айқындалды. Кейбір авторлар оны экологиялық таза деп атаса, кейбіреуі жай ғана – экологиялық, органикалық, биологиялық, табиғи десе, үшіншілері – экологиялық қауіпсіз деп көрсетеді. Алайда, бұл атаулар әртүрлі болғанымен, олардың

барлығын экологиялық таза өнім ретінде қарастыруымыз қателік емес деп санаймыз. Себебі, елімізде 2015 жылғы 27 қарашадағы қабылданған «Органикалық өнім өндіру туралы» заңының 11 бабында органикалық өнім өндіру шарттарын экологиялық таза өнім өндірісіне толықтай қолдануымызға болады. Яғни, олар:

- 1) сау жануарлар және өсімдіктерді, жануарлар және өсімдіктерден алынған қауіпсіз өнім мен шикізатты пайдалану;
- 2) органикалық өнім өндіру мен оның айналымы қағидаларында көзделгендерді қоспағанда, синтетикалық заттарды, пестицидтерді (ұлы химикаттарды), гормондарды, антибиотиктерді және тамақ қоспаларын қолдануды болғызбау;
- 3) генетикалық түрлендірілген объектілерді қолдануды болғызбау;
- 4) топырақты пайдаланбай өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру әдістерін қолдануды болғызбау;
- 5) иондаушы сәулені қолдануды болғызбау;
- 6) топырақ құнарлылығын сақтау және молықтыру;
- 7) жаңартылмайтын табиғи ресурстарды пайдалануды барынша азайту;
- 8) жабайы өсімдіктерді өңдеудің химиялық әдістерін болғызбау;
- 9) өсімдіктен және жануардан қалған қалдықтарды және олардан алынған жанама өнімдерді қайталама пайдалану оларды органикалық өндіру жағдайларында алған кезде ғана мүмкін болады;
- 10) өндіру үшін органикалық өнімнің нақты түрін таңдаған кезде экологиялық жүйелерді сақтау;
- 11) зиянкестерге, арамшөптерге және өсімдіктердің ауруларына төзімді тиісті ауыспалы егістерді, өсімдіктердің түрлері мен сұрыптарын таңдауды қамтитын, алдын алу шараларының көмегімен өсімдіктерді қорғау;
- 12) өсімдіктерді зиянкестерден, арамшөптерден және өсімдіктердің ауруларынан қорғаудың механикалық, биологиялық және физикалық әдістерін артықшылықпен қолдану;
- 13) тиісті үй-жайлар мен жайылым жағдайларын қамтамасыз ету, олардың табиғи мінез-құлқын ескеру, табиғи иммунитетін ынталандыру арқылы жануарлардың саулығына қамқор болу;
- 14) жергілікті жағдайларға бейімделген төзімді өсімдіктердің түрлерін, сұрыптарын және жануарлардың тұқымдарын таңдау;
- 15) органикалық өнім өндіру нәтижесінде, сондай-ақ табиғи жолмен алынған заттардан тұратын ингредиенттерден азықтар мен азық қоспаларын мал шаруашылығында қолдану сақталуы тиіс [4].

Міне, жоғарыда байқағандарыңыздай экологиялық таза өнімнің атауы әртүрлі болса да, оларды өндіруде өзара ұқсастықтар бар екендігіне көз жеткіздік. Ал, енді «экологиялық таза өнім» ұғымының анықтамаларын қарастырайық.

Шетелдік ғалымдар Голошевская И.С. мен Агафанова О.В. «экологиялық таза өнім - заң талаптарына сай, тағамдық құндылығы бар, денсаулықты жақсартатын, тұтыну нәтижесінде ешқандай концорегендік, мутагендік және басқа да адам ағзасына қолайсыз әсер тигізбейтін, тиісті санитарлық және ветеринарлық нормативтік құқықтық актісінде айқындалған құқықтық мәртебесі бар өнім»[5] деп анықтама береді. Ал, отандық ғалым Р.А. Алшановтың көзқарасы бойынша: «Экологиялық таза өнімдер – өндірісте тек табиғи, әртүрлі химиялық бояғыштар, консерванттар, дәмдеуіштер және генномодификацияланған қоспалар қосылмаған экологиялық таза шикізаттар қолданылатын өнімдер».[6]

IFOAM (органикалық ауыл шаруашылығының қозғалысы жөніндегі халықаралық федерация) анықтамасы бойынша, экологиялық таза өнім – генетикалық өзгеріске ұшырамаған, өсіру мен өндіру кезінде пестицидтер, гербицидтер, ұлы химикаттар қолданылмайтын өнімдер.[7]

Сонымен, қорытындылай келе жоғарыда берілген анықтамалар негізінде біз келесідей авторлық түсініктеме беруді жөн деп санаймыз. Яғни, *экологиялық таза өнім* дегеніміз –

құрамында әр түрлі уытты заттар, химикаттар, ауыр металдар мүлдем болмайтын, экологиялық таза шикізаттар қолданылатын және тиісті нормативтік құқықтық актілердегі талаптарға жауап беретін, адам денсаулығына зиянын тигізбейтін өнім.


Экологиялық таза өнім тек экологиялық таза өндіріс нәтижесінде ғана алынады. Сондықтан да, экологиялық таза өндірістің теориялық аспектілеріне тоқталамыз.

Экологиялық таза өнімді өндірілуіне байланысты келесідей бөлуге болады:

- бұл құрамында зиянды заттар дәстүрлі өнімдерге қарағанда аз, (жол берілетін шекті шамадан аспайтын) сапасы бойынша нормативті құжаттарға сәйкес өнімдер;
- экологиялық таза аумақта қосымша минералды тыңайтқыштарсыз, қалдықсыз немесе аз қалдықты технологиялар көмегімен табиғи шикізаттан алынған өнім.[8]

Экологиялық таза өндіріс ластанудың алдын-алу, ластау көздерінің санын қысқарту, қалдықтарды азайту және экологиялық тиімділікті қолдау сияқты шараларды қамтиды.

Экологиялық таза өндіріс құрылымы негізгі төрт элементтен құралған [9] (сурет 3).



Сурет 3 - Экологиялық таза өндіріс құрылымы

Жоғарыда көрсетілген экологиялық таза өндіріс элементтері негізінде, өнім өндіру барысында әсер ететін бірнеше факторларды анықтадық. Олар:

- табиғи-климаттық – топырақ түрлері, жауын-шашын мөлшері, ауа температурасы;
- экологиялық – табиғи ортаның тазалығы (топырақ, ауа, су, ағаш);
- технико-технологиялық – дұрыс техникалық жабдықтау, экологиялық таза өнімді сақтауға арналған ғимарат, электр үнемдеуші және басқа да технологияларды қолдану;
- ұйымдастырушылық – экологиялық білімі бар кадрлар жинау (басшылар мен қызметкерлер);
- экономикалық – өнім мен ресурстар бағасы, салық, кредит, субсидия, дотация, сақтандыру және инвестицияларды анықтау;
- әлеуметтік – халықтың сұранысын қанағаттандыру, халықтың төлемқабілеттілігі, салауатты өмір салты және дұрыс тамақтануға, қоршаған ортаны қорғауға қамқорлық көрсету мен экологиялық білім беру.

Таза экологиялық өндіріс экологиялық тәуекелдер мен қаржылық міндеттемелерді азайтуға, сондай-ақ жоғары бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әкелуі мүмкін. Өйткені, еліміз Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болғаннан кейін, отандық тауар өндірушілердің өнімдері мен қызмет сапасына қойылатын талап артып отыр. Сол себепті де, отандық компаниялардың таза өнім өндіруге ұмтылуы өз имиджін жақсартуға және тұтынушылардың сеніміне ие болуға зор мүмкіндік тудыруда.

Қорытындылай келе, экологиялық таза тамақ өнімін өндіру мен тұтыну нәтижесі – ұлт пен жеке адам денсаулығына қол жеткізу. Халықтың денсаулығы мен болашақ ұрпағының денсаулығына көп көңіл бөлуге байланысты экологиялық таза өнімге деген сұраныс та артуда. Сондықтан қазіргі таңда экологиялық таза өнім өндірісіне баса назар аударуға қажеттілік туындап отыр.

Қолданылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Электронды ресурс, <http://www.parlam.kz/kk/blogs/bekturganov/Details/4/8431>
3. Рудольф Штайнер, Питание и сознание /Перевод с немецкого Н.В.Маловой. - Калуга: «Духовное познание», 2003, 248 стр.
4. «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 27 қараша № 423-V ҚРЗ
5. Голошевская И.С., Агафонова О. В. Производство экологически чистой продукции: сегодня и завтра // Молодой ученый.-2011. - №4. Т.1. -С. 145-148.
6. Алшанов Р.А. Казахстан на мировом аграрном рынке: потенциал, проблемы и их решение – Алматы: «Паритет», 2010. – с.504
7. Электрондық ресурс, www.ifoam.bio/en/ifoam-standard
8. Болатова Д.Б., Дарибаева А.А. Экология және денсаулық // Елорда ғылыми хабаршысы, №1-3, қаңтар-наурыз 2014 ж.
9. Электрондық ресурс, <http://www.iisd.org>

УДК 637.2

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО АУДИТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Базекенова С.Б., Ерпенова М.К.

saltanat_06_01@mail.ru

ЕНУ им Л.Н.Гумилева, г.Астана, Республика Казахстан

Научный руководитель: А. Омашева

В условиях рыночной экономики в Казахстане все большую остроту приобретают проблемы, связанные с воздействием на окружающую среду. В частности, вопросы оценки наносимого ей ущерба и оценки риска от этого ущерба встают как перед самими природопользователями, так и перед государственными институтами, проводящими контроль, частными и общественными организациями. Приход в РК нового экономического порядка характеризуется необходимостью внедрения новых для нее эколого-экономических понятий, таких, как экологический аудит, а также пересмотр роли и значения старых экономических инструментов в государственной политике. Переход к экологически безопасному и устойчивому развитию в настоящее время становится одним из приоритетных направлений стратегии развития Казахстана. В практике отечественных предприятий зачастую не проводится аудит эколого-экономической эффективности инвестиций, отсутствуют его методологические основы. В то время как в странах Запада уже существует теоретический и практический опыт его применения, Казахстан же еще только начинает внедрять многие из них. В ходе этого процесса проявляются отсутствие нормативно-правовой базы, нехватка методик и отсутствие практики, острый дефицит информации, литературы и исследований по этим вопросам.